

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

«Лир патша» және оған қайта
мән беру





Мақсаты: Дональд К. Фрименнің «Менің борышыма қарай: «Лир патша» және оған қайта мән беру» атты эссесімен және Шекспирдің пьесасына жүзеге асырылған таным мен когнитивті метафора теориясы тұрғысынан жасалған талдаулармен таныстыру.

Тірек сөздер: когнитивті, метафора, жүзеге асырылған таным, теңгерім, байланыс, сызба.

Бүгін Дональд К. Фрименнің «Менің жағдайыма қарай: «Лир патша» және оған қайта мән беру» атты эссесін қарастырамыз.

Бұл эсседе Оңтүстік Калифорния университетінің ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Дональд К. Фримен «Лир патшаны» Лакофф пен Джонсонның жүзеге асырылған танымы мен когнитивті метафорасы тұрғысынан қайта қарау керектігін жазады. Патша әлемді есепке алу мен теңгерісінің когнитивті сызбасын басшылыққа ала отырып, таныды. Бірақ оның танымына отбасылық қатынастарды білдіретін танымдық метафора қарсы келген.

Когнитивті метафораның дамытушы метафорасы – әдеби туындылардың тілін талдауға негіз бола алады. Атап айтсақ, когнитивті метафора көркем құрылымдарға изоморфты тілдік үлгілерге, нақты интерпретацияларға сипаттама береді. Д.К. Фримен «Лир патша» тіліне талдау жасай отырып, өзінің теориясын ұсынады.

Метафора және тәндік күйзелістердің сызбасы

Метафора теориясын зеттеудің ерте кездегі зерттеулерін Самуэль Р. Левиннің еңбектерінен көреміз. Ғалымның пайымдауынша, метафораны интерпретациялау үшін біз семантикалық қасиеттерді «қайғы» лексемасына импорттаймыз; фраза – қалыпты және метафоралық тілдің «конфронтациясы» (1). Сонда метафора – қалыпты тілдің дәлме-дәл және тілдік фигураларымен үйлесім тапқан бір бөлігі.

Осы теорияға сүйене отырып, «дәлме-дәл» тіл, оның ішінде өлі (әдеби емес) метафоралар – таңбаланбаған және қалыпты деп, ал бейнелі тіл – әдеби метафораларды қолдана отырып, ережеден ауытқыған, өзекті әрі ерекшеленген тіл деп танылады. «Ауытқу» семантикалық белгілер мен комбинаторлық ережелердің әмбебап тілдік жиынтығына жатады. Лакофф оны объективтілік деп сипаттаған. Классикалық метафора – лингвистикалық теорияларда ғана емес, қалыпты және метафоралық емес тілден ауытқу деп қарастырылады. Метафораның осы екі сипаттамасы – қалыпты тілдік құрылымға қатысты паразитті деп айқындалады. Когнитивті көзқарас эмпирикалық көзқарастан келіп шығады. Эмпирикалық көзқарас бойынша, біз элементтің мақсатты абстрактылы жағын проекциялай отырып, метафораны жасаймыз. Метафора – Джонсонның «жүзеге асырылған адами түсінік» деген анықтамасына сай келетін құбылыс (3).

Біз құрылымнан сөзбен жеткізілмеген сызбаларды табуға тырысамыз. Осы сызбаларды табуға деген қабілетті – былайша айтқанда, ақыл деп танымыз.

Теңгерім

«Лир патшадағы»: «Мен адаммын/Күнәдан да күнәһар пендемін» деген үзіндіні қарастырып көрелік. Бұл контекстен Лирдің жоғары әділеттілігін, әділетті басшы ретінде ол енді бұрынғы күнәсін қайталамайтынын, егер әлемде әділеттілік болса, онда Лирдің бұрынғы күнәлары оның қайғысын жойып жіберетінін түсіндік. Демек, күнәнің орнын басатын қайғы бар. Бұл теңгерім немесе үйлесім әділеттілік идеясына негіз болып тұр: біз әділеттілік абстракциясын физикалық тепе-теңдік деп түсінеміз. Біздің сот қазыларымыз белгілі бір мәселеде шешім қабылдаса, дәлелдердің көптігіне назар аударары хақ. Куәгердің куәлігін «алдын ала ойластырылған» дәлел деп атауға болады. Біздің әділеттілік символымыз – көзі орамалмен байланған, қолында екі ыдысы бар таразы ұстаған әйел бейнесі. Осы секілді әртүрлі ұғымдарды білдіретін метафоралар – айталық, математикалық тепе-теңдік, бейнелеу өнеріндегі штамптар, музыкалық прогрессияның белгілі бір түрлері – осының бәрі теңгерім сызбасын бейнелейді.



Когнитивті метафора теориясы біздің осы сызбадағы элементтерді – объектілерді бір-біріне проекциялайтынымызды дәлелдейді.

Теңгерім сызбасы, Эдгардың сөзімен айтсақ, былайша айқындалады: «Ол бала болатын. Мен болсам, әке едім». Мұнда Лирге қыздары әкелген қайғы Эдгардың әкесінен көрген қиындықтарымен теңеліп, үйлесім тауып тұр. Бұл туралы Лир Корделияға былай жалынады: «Сенің қарындастарың оңбай қателесті. Оларда себеп жоқ, сенде – себеп бар».

Лир ата-ана мен балалар арасындағы тепе-теңдікті түсінуге тырысып бағуда. Бірақ балалар ата-аналарының қате іс-әрекет жасауына себеп болмауы керек. Керісінше, әрі маңыздысы – ата-анасына өкпелеген бала тағы да басқа қате әрекеттер жасап, орнын толтыруға талпынбауы керек. Фриман әділ төрелік метафоралары болып табылатын бірқатар мысалдарды келтіреді. Оның дереккөзі – тепе-тең, мәдени тәжірибе. Бұл дереккөз – теңгерім сызбасы – пьесадағы бай, әрі маңызды құрылымның метафорасына негіз болған. Бұл метафора – қаржыны есепке алу болып табылады. «Айыру», «Мені әділеттілікпен бағалаңдар», «жылдам өте шығу» секілді терминдер мен фразалар ТЕҢГЕРІМ сызбасына қатысады. Бірақ әділеттілік метафорасы болып саналмайды.

Байланыс

«Лир патшадағы» метафораның екінші құнды дереккөзі – БАЙЛАНЫС сызбасы. Байланыс сызбасы бір-бірімен біріктірілген екі объекіден тұрады. Оның құрамындағы үш бөлік (екі объект пен бір біріктіруші элемент) – БАЙЛАНЫС сызбасының құрамына кіреді. Байланыс сызбасының дереккөзі – біздің биологиялық анамызбен физикалық байланысымыз сияқты. Содан кейін біз ата-аналарымызға, туыстарымызға және достарымызға бауыр басып, байланысамыз.

Шекспирдің осы пьесасындағы ортақ орын мен негізгі тезисті зерттей түсетін болсақ, бірінші сценада драматург пьеса әлемінің атмосферасын құрғанын байқаймыз. Сонда бұл атмосфера – пьесаның басты сызбасы болып тұр. «Лир патша» пьесасында Глостердің Кентке ұлдарының шығуы туралы күлкілі әңгімесі Теңгерім мен Байланыс арасында бәсекелес сызба құрады. Глостер Лир сияқты ата-ана мен бала арасындағы байланысты «Балалар – Қаржылық активтер» деген метафора арқылы түсінеді. Пьесада бұл Лирдің кетіп қалған кезінде көрінеді: «Оны (Эдмундты) тәрбиелеу, мырза, менің міндетіме кіреді. Бірақ менің тағы бір ұлым бар (Эдгар). Ол – заңды некеден туған, менің қаржы көзіме жеткісі келгендерден үлкен бала» (I.i.8, 18–19).

Глостердің мойнына жүктелген міндет – Эдмундтың туылуы – мүлкін есепке алудың аналогы. Грин «орындаушы өзін салықтан босатып, мүлікпен «салмақ салып алған» деп жазады. Эдмунд – некесіз туылғандықтан, қаржы активі емес, шығындар көзі. Ал Эдгар – әкесімен жақындығы бұдан ары бағалана қоймайтын ұлға айналды. Пьесаның басында отбасылық байланыс құнсыздандырылып көрсетіледі: балалар – заңды болсын, некесіз туылған болсын, әкесімен қарым-қатынасы т.б. пьесадағы БАЙЛАНЫС метафорасының дереккөзі. Эдмунд – өзінің перзенттік міндетінен бас тартады. Міндет пен есептер, ұлдар мен қыздар, заңды және некесіз туылған балалар – осының бәрі тілдің байланыссыз фактілері: байланыс пен теңгерім сызбасынан туындап тұр.

Бұл екі бір-біріне бәсекелек сызбалар пьесаның метафорасының көп бөлігін құрайды. Сонымен қатар, бұл сызбалар мен оның жүзеге асыратын талдауы пьесаның бейнелеу тілін баяндау, сюжет және кейіпкерлер тобын жіктеу секілді құрылымдық элементтермен салыстыруға негіз болады. Көптеген сыншылар Эдмунд Глостердің көзін ойып, Эдгар оны жаңа өмір үшін сатып алғанынан қарамастан, басты сюжетте Гонерилья мен Регана Лирді қызметшілерінен айырады, ал Корделия болса, Лирді билігін қайта қалпына келтіруге үгіттеп, тепе-теңдікті құрғанын айтады. Д.К. Фримен осы теңгерімді түсіндірудің теориялық аппараты қандай екенін білмейді, бірақ, олардың арасындағы байланысты деңгейлеп түсіндіреді.



Патшаның есеп-қисап кітапшасы

«Лир патшаның» басталуы туралы пікірлер ортақ мәмілеге келеді: бұл жерде не сынақ немесе махаббаты сынау туралы айтылып тұр. Алайда пьесада сот үдерісі туралы элементтер кездеспейді: қылмыс, әділқазы, қорғаушылар, төрешілер, қарсы тараптар жоқ. Пьесада бәсекелестік тергеу жоқ. Лир өз патшалығын пьесадағы сцена басталмай тұрып-ақ, бөліп тастаған. Бұл жерде заңнамалық тақырыпқа қатысты ештеңе сөз етілмеген. Соттың орнына «Лир патшаның» бірінші сценасында семантикалық каркас құрылған: квази-соттық тергеу, қаржы көздерін аудиттеу. Пьесаның басынан бастап оқырман «Бала – қаржы активтері» деген метафорамен кездеседі. Лир туған қыздарын ақшаны, байлықты, жылжымайтын мүлікті, қаржылық активтер мен қарызды қалай түсінсе, солай түсінеді. Бұл жердегі маңызды метафоралық құрылым: ҚЫЗДАРДЫҢ ПЕРЗЕНТТІК МАХАББАТЫ – ОЛАРДЫҢ МҮДДЕЛІГІ. Қаржылық активтер үздіксіз аудиттеліп отырады. Пайда келтірмейтін активтер жойылып отырады. Ал сатудан түскен қаржы активке айналдырылып, қайтадан пайда әкелу үшін жұмсалады.

Пьесадағы қаржылық есеп пен аудит үлгісі Шекспирдің аудиториясына түсінікті болуы керек: сол замандарда әрбір қожалықтың шерифі патшадан субсидия алып, аймақты гүлдендіру үшін пайдаланатын болған. Ал одан түскен пайда патшаға қайтарылатын болған. Қазынашы есепті жоспарлау барысында бір қаржылық жылда патшаға шерифтен түсетін пайданы болжамдап жазатын болған. Қазына қызметкерлері үстел үстіне тор көзді матаны жайып, онда патшаға түсетін пайданың сомасын шығарып отырған. Тор көзді мата төселген үстелдің келесі бетінде шериф тұрды. Қазынашы соманы атаған сайын, шериф сәйкес торға сан жазылған бирканы, купон немесе бағалы заттарды орналастырып тұрады. Бұл – шериф пен патшаның арасындағы жыл сайынғы есеп түрі. Бұл үрдіс ерте нормандтық кезеңнен ХІХ ғасырға дейін жалғасып келді. Шекспирдің дәуірінде бұл үрдіс – есеп жүргізу тәсілі емес, әбден орныққан дәстүр ретінде қаралуы мүмкін.

Лирдің «жылдам ниетін» білдіретін тілдің көп бөлігі семантикалық қаржылық есеп пен мемлекеттік басқару үдерістерімен интерпретацияланды. Лир өзінің территорияға деген қызығушылығынан заңды түрде айырғысы келді. Сөйтіп, қыздарын жинап, олардың ішінде қайсысы әкесін шексіз сүйетінін білгісі келді. Әкесін бәрінен жақсы көретін қызына Лир бүкіл байлығын инвестицияламақ болды. Барлық қызы «сөйлеуге», «айтуға» құқылы болды. Лир олардың әрқайсысын мұқият тыңдап, «жомарттығын» танытуы керек. Лирдің қыздары – оның болашақ инвестициясы.

Гонерилья қаржылық терминологияны пайдаланып, «сөйледі». Оның әкесіне деген махаббаты «қымбат», қаржы секілді мағынаға ие. Оның махаббаты – «бағалауға» келмейтіндей қымбат. Регинаның «махаббаты» нақты. Ол өзін әпкесі жасалған алтыннан шыққанын, сондықтан екеуінің махаббатының мөлшері бірдей екенін «айтады». Бұл жерде тағы да теңгерім байқалды. Лир де, өзінің жомарттығын махаббатпен теңеуге талпынады. Лирдің «жомарттығын» Джонсон «рухани математика» деп атайды. Корделия қаржылық метафораны қолданбай, теңгерім сызбасын басшылыққа алады. Теңгерім – рухани сипатта. Ол әкесінің естігісі келгенін айту үшін барын салады. Пьесада Корделияның махаббаты былайша суреттелген: «Корделия не істей алады? Корделия тек жақсы көріп, үнсіз қалады». Корделия үшін сөзден де сезім қымбат: олар ешқашан тең келе алмайды. Сөйтіп Корделия әкесінің сыйлығы «қаржы» түрінде берілмеуі керектігін алға тартады. Оның бар айтары да сол – Ештеңе. Ол «сөйлемейді», ол «сезеді». Ештеңе ештеңеден туындайды. Сөйлемеген Корделия мұрадан айрылып қалады. Лирдің теңгерім сызбасын Корделия Байланыс сызбасымен алмастыруға тырысқан. Ол әкесіне отбасылық қатынастың – есеп-қисаптық теңгерім екенін түсіндіруге тырысады. Корделия үшін отбасылық қарым-қатынастар – байланыс сызбасы: «Мен жақсы көремін, құрметті мәртебелім!» – дейді ол. – Менің борышым: сізді не артық, не кем жақсы көру емес!». Басынан бастап-ақ Корделия борышты әкесінің қаржылық есеп-қисабының сценарийі деп түсінгенін айтады. Шекспирдің дәуірінде борыш – қаржылық борыш деп қабылданған. Ақшалай борыш – заң тұрғысынан алғанда, орындалған болып саналмайды. Перзенттердің бірі – бұл борышын орындауы мүмкін, екіншілері – мүлдем орындамайды. Борышты орындау – Лир патшаға билік ету дегенді білдіреді.



еді. Корделия үшін жақсы көру – оның борышы, әкесін қалтқысыз сүйеді. Мұндай махаббатты өлшеуге болмайды, ол не аз, не көп болуы мүмкін емес.

Д.К. Фримен бір ғана метафора біздің түсінігімізді қалай басқаратынын осы мысалдар арқылы көрсетуге тырысады. Лир Корделияның түсінігіндегі байлықты қабылдай алмайды. Корделия өзінің әкесінің алдындағы борышы туралы айтқанда, «қайтару» деген етістікті пайдаланады. Есеп мәселесінде біз белгілі бір пайызды «қайтару» туралы айтып отырмыз. Корделияның «қайтарамын» дегені – «борыш» дегенді білдіреді.

Корделия үшін неке – борыш. Егер күйеуге тиген қыз әкесін сол күйі жақсы көрсе, күйеуінің алдындағы борышын орындамай тұр дегенді білдіреді. Гонерилья мен Регина «әкесін бәрінен де артық жақсы көретінін» айтқанмен, онда екіжүзділік байқалады. Корделия – шыншыл. Ол әкесінің алдында да борышы бар екенін, күйеуі алдында да борышы бар екенін айтқанда, ақиқаттан таймайды. Оның шындығы әпкелерінің өтірігіне қарама-қарсы қойылады. Корделия – отбасындағы ең жақсы аудитор.

Осылайша, Шекспир пьесаның басындағы сценаға қаржылық аудит сценарийін ендірген.

Сайқымазақ Лирді нақты қаржылық фразасымен қызықтырады. Сайқымазақ патшаға дәл қазір қолында ештеңе жоқ екенін айтады. Лир – ұлы бағалаушы, байлықсыз қалды, нөл, патшалығы жоқ патша, қыздары тастап кеткен әке, мәртебесі жоқ адам. Сайқымазақ Лирге: «Мен сенен де жақсырақ жағдайдамын, мен – сайқымазақпын, сен – ешкім емессің», – деп келемеждейді.

Алайда Гонерилья мен Регина әкесінің үлесін жақсы бағалай алады: олар патшалықтағы адамдардың нені қалайтынын жақсы біледі. Лирдің қыздары патшаның қызметшілерін азайтып, жүзден нөлге жеткізді. Лир отбасылық қарым-қатынаста бәстесуге болмайтынын, қаржылық кітапта не жазылса да, қандай ереже болса да, бәстесудің қажетсіз екенін енді түсінеді. «Мәселе қажеттілікте емес» деген фразасы – қаржылық есеп беру мен БАЙЛАНЫС метафорасы арасындағы күресті бейнелеп тұр. Қажеттілік термині – Лирдің «патша» атағына лайық болуға талпынысын көрсетеді. Лир үшін бірінші рет адами қарым-қатынас есеп-қисаптан жоғары екені түсінікті болды. «Нағыз қажеттілікті түсіндіруге болмайды екен», – деп пайымдайды патша.

Байланыс сызбасы. Пьесаның басында БАЙЛАНЫС сызбасына құрылған метафоралар оларды біріктіру емес, керісінше ажыратуға бағытталуы керек болатын. Лир Корделияның борыш туралы тұжырымын қабылдамай, қызының «әке мен перзент» құндылығын өз тілінде түсінбеуге тырысады. Оның орнына Лир қызының борышын бұзып, оны жоққа шығарады.

Байланысты бұзу – пьесаның екінші актісінде айқын көрінеді: Лир Регинаның анасына үйленгенінен бас тартып, Регинаны қызы деп мойындамаймын деп қорқытады. Сөйтіп ол өз қолымен отбасындағы бейбіт атмосферасын бұзады. Ақырында жалғыз өзі қалады: қыздары тастап кеткен, сарай ішінде жападан жалғыз.

Лир қайта қалпына келгенде, қалпына келу БАЙЛАНЫС сызбасы арқылы жүзеге асқанын көреміз. Лир байланыстың маңыздылығын түсінеді. Сөйтіп отбасын және өзінің БАЙЛАНЫСТАР әлеміндегі орнын қайта қалпына келтіреді. Байланыс Лирді алдымен сезіммен (суықтық), содан кейін сезіммен (эмпатия), содан кейін адамдармен (Сайқымазақ) байланыстырады.

Д.К. Фримен когнитивті метафора тұрғысынан талдау жүргізеді. Оның теориясы, автордың пайымдауынша, пьесадағы кейбір заңдылықтарды түсіндіруге, арасындағы байланысты көрсетуге бағытталған. Когнитивті-метафоралық талдау – оның алдыңғы кезде жазған сыни жұмыстарына қарағанда, әлдеқайда негізді болып табылады.

Когнитивті метафора мына гипотезадан туындайды: «метафора – тілдің сұрағы ғана емес, ой мен сананың сұрағы». Д.К. Фримен когнитивті метафора туралы терең тұжырымдар жасайды. Метафоралық импульс интеллектуалды абстракцияларға емес, санадағы тәнге негізделген. Когнитивті-метафоралық талдау тәндік қобалжуларға негізделеді. Когнитивті-метафоралық талдау оның топологиялық талдауы дұрыс болмаса, бұрмаланып кетуі мүмкін. Когнитивті талдау заңнамалық тәртіптер мәтіннің деңгейінде емес, құрылымдық элементтерде болғанда, жарамсыз деп танылуы тағы мүмкін.



Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Когнитивті метафора дегеніміз не?
2. Когнитивті-метафоралық тәсілдің артықшылығы неде?

Әдебиеттер

1. Levin S.R. Poetry and grammaticalness// Proceedings of the Ninth International Congress of Linguists. – Mouton, The Hague, 1964.
2. Lakoff G. Women, Fire, and Dangerous Things. – Chicago: University of Chicago Press, 1987.
3. Johnson M. The Body in the Mind. – Chicago: University of Chicago Press, 1987.
4. Green W. History and Survey of Accountancy. Brooklyn, NY: Standard Text Press, 1930.